Бүкіл әлемдегі адамдардың атом энергетикасына деген көзқарасын өзгерткен, келесі ірі техногенді сипаттағы апаттардың бірі – Жапонияда орын алған Фукусима атом электр станциясындағы жарылыс. Дереккөздерде Фукусимадағы апаттың адам денсаулығына әсерінен 15870 адам қаза тауып, 28461 адамның хабарсыз кеткендігі туралы мәлімет алға тартылады. Дәрігерлердің айтуынша, жарылыстан кейінгі алғашқы екі айда 27 ауруханаға түскен 610 адамның 149-ның ауыр жағдайы радиофобиямен байланысты.

Аталмыш апаттан кейін, 21 мемлекет атом станцияларын жабуға шешім қабылдаған. Германияда 8 энергоблок пен 2022-жылға қарай электр энергиясының 26%-н қамтамасыз ететін 17 реактордың қызметі тоқтатылған. Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея мемлекеттерінде атом энергетикасын өндіруге қарсы көзқарастардың саны екі есеге артқан. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттер атом энергетикасын дамыту туралы шешімдерін кейінге қалдырған. Мысалы, электр энергиясының 50%-дан астамын атом энергиясынан өндіретін Бельгия мемлекеті энергетика станцияларының қызметі туралы әлі шешім қабылдаған жоқ.

Бұған қоса, осы бағыттағы жоспарын дамытуды көздеген Таиланд мақсатын жүзеге асыруды кешеуілдетіп келеді.

Атом энергетикасын дамытуды жоспарлап, алайда 1988 жылы Чернобыль апатынан кейін барлық блоктарын тоқтатқан елдердің қатарында Италия, Испания, Швейцария, Венесуэла, Филиппин, Израиль Марокко, Тунис, Уругвай, Кувейт мемлекеттерін де көруге болады. Дегенмен, АҚШ, Ұлыбритания, Ресей, Қытай, Франция, Беларусь, Түркия, Вьетнам, Бангладеш, Иордания, Польша, Сауд Арабиясы, Египет мемлекеттері атом энергетикасын дамыту саясатын жалғастырып келеді.

Қазіргі уақытта Фукусима Дайичи атом электр станциясындағы апаттан кейін, адамдардың психологиялық жағдайындағы өзгерістерді анықтауға байланысты зерттеулер жүргізілуде. Жарақаттан кейінгі эмоционалдық күйінің бұзылуы, мазасыздық және күйзелістің жоғарғы деңгейі сияқты психикалық проблемаларға жоғары сезімталдығы бар эвакуацияланған адамдарға тиісті көмек көрсету мақсатында жүргізілген Фукусима префектурасында медициналық тексерудің қорытындысы зардап шеккендердің күйзеліс деңгейінің жоғары болғандығы мен оқиғадан кейінгі кезеңдегі айырылудың (мысалы, отбасы мүшелерінің немесе туыстарының жоғалуы, қираған үйлер, Фукусима префекруасының басқа аудандарына немесе одан тыс жерлерге көшу т.б.) және үйден жырақта ұзақ уақыт ауыр жұмыс істеудің салдарынан күйзелістің жоғары деңгейі мен оны қабылдау деңгейінің бұзылғандығын растайды [10].

Бұған қоса, Фукусима Дайичи және Фукусима Дайини атом электр станцияларының жұмысшылары арасында 2011 жылдың сәуір-маусым айлары аралығында жүргізілген салыстырмалы зерттеуінің нәтижесі бойынша, апат кезінде оны жоюға қатысқан жұмысшылардың денсаулығына ең ауыр зардаптар - депрессияның, жарақаттан кейінгі күйзелістің артуына әкелген. Жарылыстан кейінгі күйзелістік реакцияларда, психологиялық зардаптар депрессия, созылмалы мазасыздық, ұйқының бұзылуы, бас аурулары, темекі тарту мен алкогольдік ішімдіктерге бой алдыру, сонымен қатар, ашулану, үміттің жойылуы сияқты дисфункциональды мінез-құлық түрлерімен қоса, травматикалық өзге де жағдайлар байқалған.

Техногенді жарылыстардан туындайтын сәуленің, адамның денсаулығына кері әсерін анықтау бағытындағы зерттеу жұмыстарының қарқыны Жапониядағы Хиросима Нагасакиада болған атомды жарылыстардан кейін арта түсті. Алайда, аталмыш оқиғадан кейін жапондық тұлғалардың әлеуметтік психологиялық көзқарастары мен қарым-қатынастарында елеулі, оң өзгерістердің болғандығын апаттан кейін жүргізілген сауалнама нәтижелерінен көруге болады. Олардың тек инфрақұрылымды қалпына келтіріп қана қоймай, сонымен бірге қоғамдық қатынастарды арттыруға қызығушылықтары артқан. Мысалы, зерттеуге қатысқан респонденттердің 74%-ы адамдараралық қатынастардың маңыздылығына назар аударып, жаңа танысуларға қызығушылықтарын байқатса, 72%-ның өзгелерге көмектесуге деген құлшынысы артқан. Ал, респонденттердің 84%-ы отбасымен және достарымен қарым-қатынасқа ерекше назар аудара бастағандығы күйзелісті алдын алу мен оның деңгейін төмендетуде маңызды орын иелейтіні айқын. Мәселені жас және жыныстық ерекшеліктеріне қарай жіктеп зерделегенде, оның нәтижесі әртүрлі көрсеткіштерді көрсетеді. Мысалы, апаттан кейінгі өмірдегі өзгерістер туралы сауалнамаға берген жауаптарының нәтижесі, мектеп оқушыларының 66 %-ы, ал студенттердің 77 %-ы апаттың алдын алудың маңыздылығына аса назар аударатындығын көрсетсе, ер балалардың 55 %-ы және қыздардың 67 %-ы апат салдарымен күресуге байланысты әлеуметтік шараларға қатысуға қызығушылықтарын танытқан. Сондай-ақ, студенттердің 69%-ы қоғамға көмектесуге деген қызығушылықтарын білдірсе, ер балалардың 54%-ы және қыздардың 72%-ы отбасындағы қарым-қатынасты жақсартуға басымдық беруге назар аударудың қажеттіліктерін алға тартқан.

Техногенді сипаттағы апаттар мен оның қоршаған ортаға әсерін талдаудың нәтижесінен жақын шет елдерде де ірі көлемдегі апаттардың оны қоршаған ортаға зиянды ықпалының болғанын көруге болады. Соның бір мысалы үлкен техногендік апаттың бірі 1986 жылы 26 сәуірде Украинаның Чернобыль атом электр станциясының төртінші блогында болғандығы белгілі. Онда 29 адам жедел радиациялық аурудан көз жұмып, 120 мыңнан астам адам эвакуацияланып, 9 миллионнан астам адам зардап шеккен. Кейбір деректерде, Чернобылдағы оқиғаның әсері адамзаттың гендік жолдарында, дәрігерлердің айтуынша 40 (қырық) ұрпақтан кейін ғана жойылады.

Алайда, денсаулық жағдайының өзгеруіне әкелетін ең маңызды фактор – бұл радиоиоактивтіліктің өзі емес, оны қабылдаумен байланыстыратын ғылыми тұжырымдар табылған [5]. Мысалы, Чернобыль атом электр станциясындағы оқидан кейін пайда болған жедел радиациялық аурумен ауыратын науқастарды кешенді зерттеу нәтижесі де, мазасыздықтың тұлғаның қабылдау деңгейіне тәуелді екендігін анықтай отырып, ішкі кернеудің кейбір белгілерімен, тұрақты психоэмоционалды шиеленістен, айқын невротикалық қақтығыспен және тұрақты күйзеліс жағдайынан денсаулық мәселелерінің туындайтындығын көрсетеді. Чернобыль апатының адамдардың психикасына әсер етіп, өмір сүруге деген алаңдаушылығын арттырған жағдайлардың бірі – апатқа байланысты психологиялық күйзеліспен қоса, мазасыздық жағдайының шоғырлану белгісі ішкі ағзалардың соматикалық аурулары-жүрек, өкпе ауруларының дамуына әкелді.

Ауыр ядролық апаттан зардап шеккен адамдарда, тіпті аз уақыттан кейін де, ағзада күйзелістің деңгейінің жоғарылауы болған. Чернобыль апатынан кейін Белоруссияның Гомель аймағында психикалық күйзелістер мен психикалық бұзылулардың жоғары таралуы байқалған. Ғалымдардың пікірі бойынша, сұйылтқыштар көбінесе, истерикалық, параноидты және шизоидты қосылыстармен қиындататын гипохондриялы реакция түрімен сипатталады.

Кейбір ғылыми негіздерде, адамдардың денсаулығына байланысты мәселелер радиацияның нәтижесіне емес, психоәлеуметтік факторларға негізделеді. Осы бағыттағы сауалнамаға қатысқан респонденттердің 50%-ында мазасыздықтың жоғары деңгейі байқалса, ал қалған бөлігінде мазасыздықтың деңгейі орташа көрсеткішке ие. Ал, мазасыздық деңгейі жоғары тұлғаларда эмоционалды және невротикалық бұзылулар мен психосоматикалық аурулардың болатындығы белгілі.

Апаттың салдарын жоюға бағытталған шараға қатысқан тұлғалардың өмірлік күйзелісті жағдайды сипаттайтын басым эмоцияларын зерттеу күйзеліспен байланысты туындайтын мәселелердің алдын алуға мүмкіндік береді. Өйткені, күйзелістің тұлғаның эмоциялық денсаулығына ($p<0.001$) [11], өмірдің бақыланатын және бақыланбайтын күйзелісті тудыратын жағдайларында бақылай алуынан хабардар болу яғни ақпаратты саналы басқара алу мүмкіндігіне ($p<0.001$) [12] және отбасылық идентификациясына ($p<0.05$) [13] әсер ететіндігі белгілі.

Техногенді сипаттағы жарылыстардың адамның денсаулығына әсерін физикалық және психологиялық компоненттер бойынша Саяно-Шушенск су электр станциясы аймағында тұратын адамдардың өмір сүру сапасын анықтауға арналған зерттеуімен негіздеуге болады [14]. Мұнда SF-36 сауалнама әдісі қолданылып (Ware, 1992), оның нәтижесі бойынша, зерттеуге қатысқан барлық респонденттер апатқа дейін жарылыс болатын аймақта тұрып, жұмыс істеген кезде өздерін қауіпсіз сезінгендігін атап көрсетсе, оқиғадан кейінгі психологиялық күйі «сенімсіздік», «қайғылы жағдай қайталануы мүмкін», «ұмытуға тырысу», «күмән», «мазасыздық» сынды мағыналық санаттағы сөздермен бағаланған. Респондент – «жұмысшылардың» да, «тұрғындардың» да апат болған кезінде қорқыныш, үмітсіздік, ашулану, ішкі күйзеліс және мазасыздықтың жоғарғы деңгейімен байланысты жағымсыз эмоционалды күйде болғандығын көрсетеді. Олардағы қазіргі кезде де жадында сақталған басымдық танытатын эмоцияларына сенімсіздік, уайым, мазасыздықты келтіруге болады.

Сондай-ақ, апаттан кейінгі кезеңде респонденттерде мазасыздық туындататын жағымсыз эмоциялар басым болып, тұрғылықты жерін өзгертуге қызығушылықтары артқан. «Жұмысшылар» қауіпсіздікті сезінбейді, яғни қауіпсіздігіне сенімсіздікпен қарайтындығы анықталған. Бұл сеөрсеткіштер респонденттердің «жасырын», «көрінбейтін» күйзелісті және депрессияны бастан кешіргенін көрсетеді. Қызметтік күйзеліс пен отбасылық қарым-қатынас арасында оң корреляциялық байланыстың барлығын ескерсек, отбасы мүшелерінің психологиялық күйінің зерттеулерге негіз болары анық. Мысалы, SH.Wang және басқалардың қызметтік күйзеліс пен отбасылық әлеуметтік мінез-құлық арасындағы сабақтастықты зерттеген ізденіс нәтижесі қызметтік күйзеліс отбасылық құрылымға қарым-қатынас және негативті эмоциялармен әсер ететіні анықталып, ондағы өзара корреляциялық байланыстың коэффициенті $r = .30$, $p<.0.5$ға тең [15].

Болашаққа деген эмоционалды көзқарасына қатысты респонденттердің мәлімдемелерінің мазмұнын талдаудың нәтижесі олардағы сезім «үлкен күмән», «үрей мен қорқыныш», «сенімсіздік», «қауіпсіздікке үміт» көріністермен белгіленген. Бұл пспихологиялық күйлерін респонденттердің келесі сипаттағы жауаптарынан да көруге болады: «болашаққа деген оптимизм, үміт, соған қарамастан үрей мен қорқыныш бар», «жарылыс туралы ұмытып кету қиын, қауіпсіздік сезімі болмайды», «кенеттен бәрі қайтадан пайда болатын секілді, бірақ бізге бәрі жақсы болатынына сенгім келеді». Алынған мәліметтерге сәйкес, апат болғаннан кейінгі 2 жылдан кейін барлық респонденттер өзін қауіпсіз сезінбейді. Олар қауіпсіздікке қатысты белгісіздікті сезінеді, қайғылы жағдай қайталануы мүмкін деп қорқады, өз өміріне және жақындарының өміріне алаңдаушылық пен сенімсіздікті сезінеді және олардың қауіпсіздігіне күмән мен алаңдаушылық сезімдері басым.

Сонымен, техногенді сипаттағы апаттардың кері әсері болған психикалық денсаулықты жақсарту жөніндегі соңғы онжылдықтағы бастамалардан келесі сабақтарды алуға болады [7]: біріншіден, апат – тірі қалған тұрғындарға қауіп төндіреді, өйткені апаттарға ұшыраған популяциялар психикалық бұзылыстардың жоғарғы деңгейлерін дамытады; екіншіден, апаттық жағдай, халықтың психикалық денсаулығына деген қажеттілікті тануды күйшейтуге және психикалық денсаулық сақтау қызметін ынталандыруға мүмкіндік береді; үшіншіден, тұрақты және келісілген медициналық көмек үшін ауруханадағы және қоғамдағы психикалық денсаулықты күтуге психикалық денсаулықтың толық спектрі қажеттілігін алға тартады; төртіншіден, психикалық денсаулықты сақтауды жалпы медициналық көмек пен мамандандырылған медициналық көмек бөлігі ретінде біріктірудің қажеттілігі артады; бесіншіден, апаттардан зардап шеккендердің күрделі қажеттіліктері психикалық денсаулықты сақтауды халықтың толық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әл-ауқат, еңбек, заң сияқты басқа секторлармен байланыстыруды қажет етеді; алтыншыдан, зардап шеккендермен олардың өзара қарым-қатынасы мен

қажеттіліктерін түсіну үшін, сондай-ақ, психикалық денсаулықты сақтау үшін «өзін-өзі күту» шараларын кеңінен қолдану қажеттілігін арттырады; жетіншіден, қоғамның қолдауын күшейту үшін қоғамды қайта құру қажеттілігін көрсетеді; сегізіншіден, психиатриялық проблемалардың таралуын түсіну және өзара қарым-қатынастың тиімділігін бағалау үшін үздіксіз зерттеулердің қажеттілігін көрсетеді.

Рахманин Ю.А. және оның әріптестері жүргізген зерттеу нәтижесі техногенді сипаттағы жарылыстардың адамның денсаулығына кері әсері оның жағдаятты қабылдауының деңгейімен байланыстырған тұжырымын ескерсек [16], тұлғаның күйзеліс тудыратын ақпаратты қабылдауға психологиялық даярлау мен жаттықтыру маңызды алғышарт болып табылады [17].

Қорытындылай келгенде, техногенді сипаттағы апаттардың психологиялық салдары тұлғаның психосоматикалық ауруларымен байланысты шағымдарында көрінетін, ұзаққа созылатын күйзелісімен сипатталады. Шет елдердегі аталмыш сипаттағы оқиғалардың қоршаған ортаға әсерінің тәжірибесі тұлғаның жарылыспен байланысты апатарға ішкі психологиялық тұрақтылығын арттырып, күзелісті қабылдауының деңгейін тұрақтандырып, оның артуының алдын алуға психологиялық даярлаудың маңыздылығын айқындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Шойгу Ю.С. Психология экстремальных ситуаций. - М.: Смысл, 2009. - 319 с.

2 Абдулин, А.Г. Социально-психологические последствия крупномасштабных техногенных катастроф в отдаленном периоде на примере Уральского регоиона: дис. … д-ра психол. наук. - Магнитогорск, 2006. - 447 с.

3 Алексанин С.С., Дударенко С.В., Новицкий А.А., Рыбников В.Ю. Механизмы развития соматической патологии и отдаленные медицинские последствия аварии на Чернобыльской АЭС // Медико-биологические и социально-психологические проблемы безопасности в чрезвычайных ситуациях. - 2016. - №(2):5-15. - URL: https://doi.org/10.25016/2541-7487-2016-0-2-5-15 (дата обращения – 06.06.2020).

4 Mannan, M.S., Valdes, O.R., Jain, P., Tamim, N., Ahammad, M. The Evolution of Process Safety: Current Status and Future Direction //Annual Review of Chemical and Biomolecular Engineering. - 2016. - №7. - P.135-162

5 Лазарева Н.В. Влияние экологических аварий и катастроф на здоровье населения // Региональное развитие (электронный научно-практический журнал). – 2017. – №4 (22). - URL: https://regrazvitie.ru/vliyanie-ekologicheskih-avarij-i-katastrof-na-zdorove-naseleniya/ (дата обращения – 06.06.2020).

6 Murthy, R.S. Mental health survivors of 1984 Bhopal disaster: A continuing challenge // Industrial Psychiatry Journal. - 2014. - №23(2). - P.86-93. doi: 10.4103/0972-6748.151668.

7 Andersson, N., Muir, K.M., Mehra, V., Salmon, A.G. Exposure and response to methyl isocyanate: Results of a community based survey in Bhopal // British Journal of Industrial Medicine. – 1988. – №45. – P.469–75.

8 Gupta, B.N., Rastogi, S.K., Chandra, H., Mathur, A.K., Mathur, N., Mahendra, P.N. Effect of exposure to toxic gas on the population of Bhopal: Part I – Epidemiological, clinical, radiological and behavioral studies // Indian Journal Experimental Biology. – 1988. – №26. – P.149–60

9 Cullinan, P., Acquilla, S.D., Dhara, V.R. Long-term morbidity in survivors of the 1984 Bhopal gas leak // The National Medical Journal of India. – 1996. - №9. - P.5–10.

10 Козлов Д.В. Кузнецов С.И. Фукусима: социокультурные последствия катастрофы // Российско-японский семинар: История и память в современной политике. - 2013. - №2 (11/2). - С. 301–316

11 Issimova A. The role of social identity for coping with work stress on family functioning // Pedagogy & Psychology: Theory and Practice. – 2019. – №2. - P. 67-70.

12 Pflanz, S. & Sonner, S. (2002). Work stress in the military: prevalence, causes, and relationship to emotional health // Military Medicine. – 2002. – №167(11). – P. 877-882.

13 Todrank J.H. & Somer, E. Characterizing stress tolerance: controllability awareness and its relationship to perceived stress and reported health // Personality and individual differences. – 2002. – №33. – P. 883-895.

14 Бохан Т.Г. Стаселько А.А. Терехина О.В. Качество жизни и психологическкая безопасность населения, проживающего в условиях техногенно-экологичнского риска (на примере жителей и работников Саяно-Шушенской ГЭС) // Вестник Томского государственного университета. – 2012. – №365. - С.137-142.

15 Wang, Sh., Repetti, R. & Campos, B. Job stress and family social behavior: the moderating role of neuroticism // Journal of Occupational Health Psychology. – 2011. – №16(4). – P. 441-456.

16 Рахманин Ю.А., Новиков С.М., Авалиани С.Л., Синицына О.О., Шалишина Т.А. Современные проблемы оценки риска воздействия факторов окружающей среды на здоровье населения и пути ее

совершенствования // Профилактическая медицина: актуальные аспекты анализа риска здоровью. - 2015. №3. - С. 4-11.

17 Eckhoff, R.K. Current status and expected future trends in dust explosion research // Journal of Loss Prevention in the Process Industries. - 2005. - №18(4-6). - P.225-237. doi.org/10.1016/j.jlp.2005.06.012.

Исимова А.Е., *педагогика ғылымдарының кандидаты*
Ақшолақов Қ.Ж., *философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор*

УДК 355/359:001.4
МРНТИ 78.01.33

А.Қ. ТӨГІСОВА [1]
М. ҚОЖАНҰЛЫ [1]
Қ.Ә. ҚАЛМЫРЗАЕВА [1]
[1] *Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы*

КӨП КОМПОНЕНТТІ КЕЙБІР ӘСКЕРИ ТЕРМИНДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ ТУРАЛЫ

Түйіндеме. Мақала көп компонентті кейбір әскери терминді сөз тіркестерінің сөзжасамдық жасалу жолдарына арналады. Зерттеу барысында алға қойған мақсатқа сәйкес, көп компонентті кейбір әскери терминді сөз тіркестерінің өзіне тән терминжасамдық ерекшеліктерін анықтауға болатыны және әскери терминдерді тілдік тұрғыда бір үлгімен (модельмен) беру қағидасы арқылы мемлекеттік тілде қалыптасуы қарастырылады.

Авторлар тіл білімінің аударма саласы кез келген халықтың рухани дүниетанымымен, болмысымен байланысып жататынын алға тартып, Қарулы Күштер түрлері мен әскер тектеріне қатысты атау-терминдердің сөзжасамдық жасалу жолдарын анықтауға, келешекте құрастырылатын салалық әскери терминологиялық сөздікке немесе қазақ терминологиясы бойынша жазылатын оқулықтар мен оқу құралдарына үлес қосуға болады деген қорытындыға келеді.

Түйінді сөздер: әскери терминдер, терминжасамдық жұрнақтар, терминжасамдық жүйе.

А.К. ТОГУСОВА [1]
М. КОЖАНУЛЫ [1]
К.А. КАЛМУРЗАЕВА [1]
[1] *Национальный университет обороны имени Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы, г. Нур-Султан, Республика Казахстан*

О ПУТЯХ ОБРАЗОВАНИЯ СЛОВОСОЧЕТАНИЙ НЕКОТОРЫХ МНОГОКОМПОНЕНТНЫХ ВОЕННЫХ ТЕРМИНОВ

Аннотация. Статья посвящена словообразовательным путям некоторых многокомпонентных словосочетаний военного термина. В ходе исследования предполагается, что в соответствии с поставленной целью, можно определить специфичные терминообразующие особенности некоторых многокомпонентных словосочетаний, а также формирование военных терминов на государственном языке посредством принципа языкового выражения одной моделью.

Авторы пришли к выводу, что переводческая сфера языкознания связана с духовным мировоззрением, бытием любого народа, что можно определить пути словообразования названий-терминов, относящихся к видам Вооруженных Сил и роду войск, внести вклад в создаваемый в будущем отраслевой военный терминологический словарь или учебники и учебные пособия по казахской терминологии.

Ключевые слова: военный термин, терминообразовательный суффикс, термино-образовательная система.

A.K. TOGUSSOVA [1]
M. KHOZHANULY [1]
K.A. KHALMYRZAEVA [1]
[1] *The National Defence University named after the First President of the Republic of Kazakhstan – Elbasy, Nur-Sultan city, Republic of Kazakhstan*

ABOUT THE WAYS OF FORMING WORD-COMBINATIONS OF SOME COMPOUND MILITARY TERMS

Abstract. This article is dedicated to the word-building ways of some compound word-combinations of military term. During the research it's supposed that according to the set goal one could determine specific term formation peculiarities of some compound word-combinations and also forming military terms into state language in terms of the approach of language meaning with one model.

The authors came to a decision that language industry concerned with spiritual world view, any people's everyday life that can determine the ways of word-building names of terms related to the services and branches of the Armed Forces, make a contribution to the developing branch-wise military terminology dictionary or text books and training aids into Kazakhs terminology in the future.

Keywords: military term, term formation suffix, term formation system.

Қазақ терминологиялық лексикасының құрамдас бір бөлігі – әскери терминдер.

Осы бағытта Қазақ Қарулы Күштерінің түрлері мен әскер тектеріне қатысты атау-терминдерге арналған әскери салалық терминологиялық сөздіктерде жарық көруі [1], бұл әскери терминдерді қазақша сөйлетуге ден қоюымыздағы үлкен жетістіктеріміздің бірі.

Соңғы кезде қазақ терминологиясында, оның ішінде әскери терминдерді де тілдік тұрғыдан бір үлгімен (модельмен) беру қағидасы арқылы мемлекеттік тілде қалыптасуы орнығуда.

Осы орайда, ғалым Ш. Құрманбайұлы ұлт тілі негізінде жүйеленген терминдерді қалыптастыруға болатынын А.Байтұрсынов жасаған терминдердің бірнеше үлгісіне тоқталады [2].

Бір байқағанымыз: қазақ терминологиясында, оның ішінде әскери терминдерді бір үлгімен (модель) беруде және қазақша термин жасауда сөзжасамның үш тәсілі: синтетикалық (морфологиялық), аналитикалық (синтаксистік) және лексика-семантикалықты басшылыққа алып отырған.

Анықтама: Сөз тіркесіне де және сөйлемге де тірек болып табылатын - сөз. Сөз дараланған ұғымды, лексика-грамматикалық мағынаны білдіреді. ...Кез келген сөз бір-бірімен тіркесе бермейді. Сөздердің өзара тіркесу қабілеті олардың ең басты мағыналық - грамматикалық ерекшелігінің бірінен саналады.

Сөз тіркесінің негізгі белгілері профессор М. Балақаев [3] еңбегінде нақты көрсетілгендіктен, бұл жерде қайталап жатпадық.

Осы тұста профессор М. Балақаевтың сөзді тілдік единица ретінде лексикология, семасиология, стилистика, сөз таптары және сөйлем мүшесінің де объектісі ретінде зерттегенін ескеретін болсақ, онда сөз тіркесі кемінде толық мағыналы екі немесе одан да көп сөзден құралып, олар біріне-бірі бағына байланысады деген тұжырымын көреміз. Олай болса, тіліміздегі сөздер мен сөз тіркестері термин жасауда белгілі бір қосымшалар (жұрнақтар, жалғаулар) арқылы, яғни синтетикалық (морфологиялық) тәсіл жолдарымен де жасалатыны белгілі [4].

Осы жол авторы қазақ әскери терминдерді сөзжасамдық тұрғыдан қарастырып, бұл мәселеге бірнеше ғылыми жұмыстарын арнады [5].

Біз, бұл жерде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскер тектері мен түрлері, әскери құралымдарында қолданылған кейбір екі не одан да көп компонентті әскери терминді сөз тіркестерін синтетикалық (морфологиялық) тәсілі аясында сөз етуді жөн көрдік. Мысалы:

У жұрнағы сөздің соңында келу жағдайы:

екі компонентте:

- жағдайды бағалау – оценка обстановки;
- жедел басқару – оперативное управление;
- әскери жөндеу – войсковой ремонт.

үш компонентте:

- байланыс жүйесін ұйымдастыру – организация системы связи;
- алдын ала байқау - рекогносцировка;
- әскерлерді қайта топтастыру – перегруппировка войск.

төрт көмпонентте:

- басқару топтарын техникалық жабдықтау – техническое оснащение пунктов управления;
- авиациялық бастырмалатып соққы беру – массированный авиационный удар;
- әскери борышын үлгілі орындау – образцовое выполнение воинского долга.

күрделі компонентте:

- ғылыми-техникалық ақпараттың ұлттық ресурсын қалыптастыру – формирования национального ресурса научно-технической информации;
- әскери қызметтің қиындықтарын табандылықпен көтеру - стойко переносить трудности воинской службы;
- әскери қызметшілердің құқықтарын қамтамасыз ету – обеспечение прав военнослужащих.

У жұрнағы сөздің ортасында келу жағдайы:

- штабтық өрт сөндіру автомобилі – автомобиль пожарный штабной;
- мемлекеттік тіркеу туралы куәлік – свидетельство о государственной регистрации;
- алғышеп басқару пункті – передовой пункт управления;
- әскерлердің жылжу жылдамдығы – скорость движения войск.
- лы/лі,- ды/ ді, -ты/ті жұрнағы сөздің басында келу жағдайы:

екі компонентте:

- жүзбелі айлақ – плавучий причал;
- қолайлы аймақ – благополучная зона;
- белсенді қорғаныс – активная оборона;
- роботты техника – робототехника.

үш компонентте:

- жоспарлы-сақтандыра тексеру – планово-предупредительный осмотр;

- броньды танк әскерлері – бронетанковые войска;
- іргелі ғылыми зерттеулер- фундаментальные научные исследования;
- автоброньды танк әскерлері- автобронетанковые войска.

төрт компонентте:

- броньды танк қару-жарағы – бронетанковое вооружение;
- көшпелі барлау-жауынгерлік тобы – кочующая разведывательно-боевая группа;
- кешенді барлау-атыс жасағы– комплексный разведывательно-огневой отряд.
- лық/лік, -тық/тік, -дық/дік жұрнағы сөздің ортасында келу жағдайы:

екі компонентте:

- авиадесанттық операция – авиадесантная операция;
- жауынгерлік құжаттар – боевые документы;
- инженерлік бөгеттер – инженерные заграждения;
- шекаралық корабльдер – пограничные корабли.

үш компонентте:

- материалдық-техникалық база – материально-техническая база;
- тактикалық саптық сабақ – тактико-строевое занятие;
- анықтаудың радиосәулелік бергіші – радиолучевой датчик обнаружения.
- арнайы шекаралық жаттығу – специальное пограничное упражнение.

төрт компонентте:

- тасымалданатын зениттік-зымыран кешендері – переносные зенитно-ракетные комплексы;
- инженерлік-авиациялық қамтамасыз ету – инженерно-авиационная служба;
- шекара күзетінің техникалық құралдары – технические средства охраны границы;
- оқу жөндеу кавалериялық заставалары – учебные ремонтные кавалерийские заставы.

күрделі компонентте:

-материалдық-техникалық қамтамасыз ету әскерлері – войска материально-технического обеспечения;

- гарнизондық және қарауылдық қызметтер жарғысы – устав гарнизонной и караульной службы.
- шекара қызметі бөлімшелерінің жауынгерлік дайындығы – боевая подготовка отделений пограничной службы;
- әуе радиациялық, химиялық және биологиялық барлау жұбы – пара воздушной радиационной, химической и биологической разведки.

1-орында септік жалғау (сын есім жұрнағы +лік), + т.ж.) сөз басында келу жағдайы:

- әскерлердің (күштердің) жауынгерлік әлеуеті - боевой потенциал войск (сил);
- әскери техниканың жауынгерлік әзірлігі - боеготовность военной техники.

1-орында септік жалғау (сын есім жұрнағы « и», + т.ж.) сөз ортасында келу жағдайы :

- бригаданың тарихи формуляры - исторический формуляр бригады;
- ҚР Қарулы Күштерінің жалпыәскери жарғылары - общевоинские уставы Вооруженных Сил РК.

1-орында сын есім (сын есім жұрнағы+ и, + зат есім) сөз ортасында келу жағдайы:

- жарғылық әскери реттілік - уставной воинский порядок;
- жоғары қарқынды әскери жанжал - военный конфликт высокой интенсивности.
- жеке кәсіби даярлық - отдельная профессиональная подготовка.

1-орында сын есім жұрнағы +и,+зат есім сөз басында келу жағдайы:

- әскери тізбек - войсковая цепочка;
- әскери наряд - войсковой наряд.

Сондай-ақ, материалдарды талдау барысында көп компонентті сөз тіркестерінен жасалған әскери терминдер (одан әрі -КК ӘТ) жасауда көмекші сөздер (предлог): - к, - на, - за, -по, - под орыс тіліндегі барыс, табыс, көмектес және септік жалғауларының мағынасы мен қызметін білдірсе, ал олар (КК ӘТ) қазақ тілінің барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септік жалғауларымен ұдайы сәйкес келе бермейтінін байқадық. Осындай ерекшелікке қарап, қазақша КК ӘТ жасауда орыс тіліндегі көмекші сөздердің жалғаулық мағынасына қарай шартты түрде 2-ге бөліп қараған жөн.

1. ӘТ орыс тіліндегі септік жалғауларының қазақ тіліндегі септік жалғауларымен сәйкес келуі;

Мысалы:

- сведения о противнике - қарсылас туралы мәлімет;
- служба по контракту - келісім-шарт бойынша қызмет;
- подготовка к боевым действиям – жауынгерлік іс-қимылдарға дайындық.

2. ӘТ орыс тіліндегі септік жалғауларының қазақ тіліндегі септік жалғауларымен сәйкес келмеуі.

Мысалы:

- жүк автомобилі шассиіндегі автокөтергіш - автоподъемник на шасси грузового автомобиля;
- бронирование по мобилизации от призыва - әскерге шақырудан жұмылдыру бойынша броньдау;

- способы действий в пограничном поиске – шекаралық іздестіруде әрекет ету тәсілдері.

Біз бұл жерде мақала көлеміне орай, кез келген терминдер белгілі бір модельмен жасалатынын ескеріп, көп компонентті кейбір әскери терминді сөз тіркестерінің терминдер жасаудағы терминжасам жұрнақтарын одан әрі тізіп жатпай, осымен шектеуді жөн көрдік.

Жалпы, А. Байтұрсынов заманында жарық көрген «Орысша-қазақша әскерлік атаулар» атты терминологиялық сөздіктегі терминдер мен атаулар, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жарық көрген терминологиялық сөздіктердің атау-терминдерді жүйелеуде және терминжасамдық жүйесі арасындағы сабақтастықтың барын байқаймыз.

Қорыта келе, қазақ лексикасы қоры мен құрамындағы көп компонентті сөз тіркестерінен жасалған әскери терминдерді сөз еткенде ескеретін нәрсе: Қарулы Күштердің тектері, әскер тектеріне қатысты атау-терминдерді салалық-тақырыптық белгілеріне қарай жинап, қазақ терминологиясы бойынша жазылатын оқулықтар мен оқу құралдарына үлес қосуға және оларды салалық әскери терминологиялық сөздіктерге енгізу арқылы қазақи ұлттық әскери терминологиямыздың қалыптасып дамуына септігін тигізері хақ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 ҚР ҚМ Мемлекеттік тілді дамыту басқармасы. Редакциялау бөлімі. Орысша-қазақша сөздік. - Астана. 2012. – 62 б.; Әскери терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. А., 2002. – 504 б.; Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Әскери іс.12-т. - А., 2000. – 264 б.

2 Құрманбайұлы Ш. Ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастырудағы жүйелілік мәселесі // Кіт.: Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. Жинақ. - Астана, 1999. – 464 б.

3 Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі (Өңделіп және толықт. 4-басылымы). Оқулық. –Алматы: Санат, 2003. – 240 б.

4 Қазақ тілі. Энциклопедия. - Алматы: ҚР БМжДСМ, 1998. - 509 б.

5 Қожанұлы М. Қазақ әскери терминдерінің қалыптасуындағы деривацияның (сөзжасамның) рөлі // Бағдар. - 2017. - №3. - 58-62 б.; Қожанұлы М., Қойшығарина Г., Қондыбаев Қ. Қазақ әскери терминологиясының ерекшеліктері (әуе қорғаныс күштері терминдері негізінде) // Ұлттық қорғаныс университетінің хабаршысы. - 2016. – № 2. - 44 -47 б.

Төгісова А.Қ., *тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор(доцент)*
Қожанұлы М., *филология ғылымдарының кандидаты, профессор*
Қалмырзаева Қ.Ә., *филология ғылымдарының кандидаты*

УДК 355.4-027.21
МРНТИ 78.19.13

Б.К. КАЛЫБЕК [1]
[1]*Национальный университет обороны имени Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы, г. Нур-Султан, Республика Казахстан*

К ВОПРОСУ О МЕТОДАХ УПРАВЛЕНЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЗАМЕСТИТЕЛЯ КОМАНДИРА ВОИНСКОЙ ЧАСТИ ПО ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ И СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВОЙ РАБОТЕ

Аннотация. В статье, на основе анализа исследований по управленческой деятельности, дается определение метода управления. Даны примеры квалификации методов управления у различных авторов. На основе работы Г.В. Атаманчук сделана попытка квалифицировать методы управленческой деятельности заместителя командира части по воспитательной и социально-правовой работе на две группы методов: методы функционирования управленческой деятельности в воинском коллективе, методы обеспечения реализации управленческой детальности. В управленческой деятельности заместителя командира части по ВиСПР Национальной гвардии методы управленческой деятельности необходимо применять в комплексе, с учетом обстановки, поставленной служебно-боевой задачи, подготовки подчиненных, имеющихся возможностей и т.д. Именно через методы управленческой деятельности заместителя командира части по воспитательной и социально-правовой работе реализуется содержание управленческой деятельности.

Ключевые слова: Национальная гвардия, воспитательная и социально-правовая работа, управленческая деятельность.

Б.Қ. ҚАЛЫБЕК [1]
[1] *Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы*

БӨЛІМ КОМАНДИРІНІҢ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ӘДІСТЕРІ ТУРАСЫНДА

Түйіндеме. Мақалада басқарушылық қызмет бойынша зерттеулерді талдау негізінде басқару әдісінің анықтамасы берілген. Әр түрлі авторлардың басқару әдістерін біліктілігінің мысалдары келтірілген. Г.В. Атаманчуктың жұмысы негізінде бөлім командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасарының басқару қызметінің әдістерін екі топқа: әскери ұжымдағы басқару қызметінің жұмыс істеу әдістері, басқару детальдылығын іске асыруды қамтамасыз ету әдістері бойынша саралауға талпыныс жасалды. Ұлттық ұланның ТжӘЖҚ жөніндегі бөлім командирі орынбасарының басқарушылық қызметінде басқару қызметінің әдістерін жағдайды, қойылған қызметтік-жауынгерлік міндетті, бағыныстылардың дайындығын, қолда бар мүмкіндіктерді және т. б. ескере отырып, кешенді түрде қолдану қажет. Бұл бөлім командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасарының басқару қызметінің әдістері арқылы басқару қызметінің мазмұны жүзеге асырылады.

Түйінді сөздер: Ұлттық ұлан, тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс, басқарушылық қызмет.

B.K. KALYBEK [1]
[1] *The National Defence University named after the First President of the Republic of Kazakhstan – Elbasy, Nur-Sultan city, Republic of Kazakhstan*

ON THE QUESTION OF METHODS OF MANAGERIAL ACTIVITY OF THE DEPUTY COMMANDER OF THE MILITARY UNIT FOR EDUCATIONAL AND SOCIO-LEGAL WORK

Abstract. In the article, based on the analysis of research on management activities, the definition of the management method is given. Examples of management methods qualification by various authors are given. Based on the work of G.V. Atamanchuk, an attempt is made to classify the methods of managerial activity of the Deputy commander of the unit for educational and socio-legal work into two groups of methods: methods of functioning of managerial activity in the military team, methods of ensuring the implementation of managerial detail. In the management activities of the Deputy commander of the unit for educational and socio-legal work, management methods must be applied in a complex, taking into account the situation, the assigned service and combat tasks, training of subordinates, available capabilities, etc. It is through the methods of managerial activity of the Deputy commander of the unit for educational and socio-legal work that the content of managerial activity is realized.

Keywords: National guard, educational and socio-legal work, management activities.

Вопрос эффективности управления войсками во все времена не терял своей актуальности. Зная законы, принципы, методы управленческой деятельности можно избежать грубых и случайных ошибок в управлении войсками. Одной из черт современных военных конфликтов является информационно-психологическое воздействие в целях нарушения государственного и военного управления [1, С. 30]. В управленческой деятельности заместителя командира части Национальной гвардии Республики Казахстан по воспитательной и социально-правовой работе не может быть простых явлений, отношений и процессов, легких решений и способов их реализации. Все очень сложно и в ближайшем будущем будет усложняться. Управлять множеством людей было всегда сложно, и лишь небольшая часть управленцев смогла достичь на этом поприще серьезных успехов. Тот, кто выбирает этот путь, должен осознать, что требуется от него и что его ждет. Всегда надо ценить и уважать тех, кто действительно способен управлять воинским коллективом. В армии это, наверное, самый сложный вид деятельности.

Воинская часть специфичная управляемая система включает в себя множество признаков, и может охарактеризоваться как система общественная, в ней действуют люди. Как она будет функционировать, будет зависеть в первую очередь от качества и свойств этих людей, связанных между собой специфическими социальными отношениями. От умения управлять этой системой будет зависеть исход боя и выполнение поставленной служебно-боевой задачи. Реализация функций управленческой деятельности осуществляется посредством методов управленческой деятельности.

Методы в науке управления позволяют получить желаемый результат. При этом результат может быть получен с помощью группы различных методов, или несколько результатов могут быть получены с помощью одного метода. В любой управленческой системе должна функционировать система методов, при этом она может носить название методического инструментария, или методического аппарата. В управленческой деятельности заместителя командира части Национальной гвардии по воспитательной и социально – правовой работе применение той или иной группы методов будет зависеть от сложившейся обстановки, поставленной задачи, имеющихся возможностей и т.д. Как отметил М. Тухачевский: «Характер управления войсками целиком зависит от условий обстановки. Совершенно ясно, что нельзя одинаковыми методами и в одинаковой последовательности распоряжаться в разных условиях» [2,С. 9].

В научной литературе методы управленческой деятельности трактуются по-разному. По мнению В.Г. Игнатова, Л.Н. Албастова метод регулятивная норма или правило, прием решения задачи теоретического, практического, познавательного, управленческого, житейского характера [3, С.331].

Коллектив авторов учебного пособия «Муниципальное управление», считает, что метод управления - способ воздействия на человека и группу, который определяется выбором и использованием действующих рычагов и их ролью в деятельности человека. При этом следует отличать методы управления от методов, используемых в процессах управления (методы анализа, расчета, моделирования, оценки и пр.) [4, С.406].

Л.А. Бурганова считает, что «методы управления – это система способов и приемов воздействия субъекта управленческой деятельности на управляемый объект для достижения запланированного результата. Наиболее целесообразным предлагает выделить, прежде всего, общие и конкретные методы управления. К общим методам управления относятся: экономические, основанные на экономических стимулах, организационно-административные, социально-психологические, эвристические, идеологические. К конкретным методам управления Л.А. Бурганова относит: воздействие на управляемые объекты, организации самой управляющей системы, информационного обеспечения управления, выработки и принятия решений, контроля, оценки, анализа и др.» [5, С.78].

Коллектив авторов учебника «Теория управления и методы обоснования и принятия решения» отмечают две группы проблем выработки и принятия решений: проблемы концептуального характера и проблемы математического и вычислительного характера. В соответствии с этим можно выделить и две большие группы методов управленческой деятельности [6, С.122].

Г.В. Атаманчук, обобщая все определения, пришел к выводу, что «методы управленческой деятельности – это способы и приемы анализа и оценки управленческих ситуаций, использования правовых и организационных форм, воздействия на сознание и поведение людей в управляемых общественных процессах, отношениях и связях» [7, С.248]. Также он предлагает их квалифицировать на две следующие группы:

- методы функционирования управленческой деятельности в воинском коллективе;
- методы обеспечения реализации управленческой детальности.

Исходя из войсковой практики, служебного опыта на наш взгляд, адаптация и применение данной квалификации возможна в воинской управленческой деятельности, имеющей свою специфику (например, управление морально-психологическим обеспечением).

Особенностью методов управленческой деятельности в воинской среде является то, что они применяются в официальном порядке, должны отвечать определенным требованиям, способны

формировать и обеспечивать реализацию управленческих требований, быть реальными, гибкими, разнообразными.

Методы функционирования – способы, приемы, действия должностных лиц, вовлеченных в управленческую деятельность, связанные с подготовкой и реализацией управленческих решений [7, С.248]. К ним можно отнести: анализ статистических материалов (данные по общественно-политической, религиозной, экономической ситуации по месту дислокации части, в районе выполнения служебно-боевой задачи), методы отбора и развития управленческих кадров (работа с кадровым резервом), методы работы с информацией (анализ документов (медкнижек, характеристик), запросы по месту жительства, учебы, ОДО и т.д.), методы исполнения и контроля (предварительный, текущий, последующий контроль), методы подготовки и проведения организационных мероприятий, метод прогнозирования, и т.д.

Методы обеспечения реализации управленческой деятельности, можно условно разделить:

- морально-этические методы, с опорой на честь, достоинство, и совесть военнослужащего, их задача заключается в формировании позитивной морально-психологической обстановки, благоприятной для решения поставленных задач, и усвоение подчиненными морально-этических норм. Стандарты поведения военнослужащих в служебных отношениях, во внеслужебное время прописаны в Указе Президента Республики Казахстан № 153 от 29.12.15 г. «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан»;

- социально-экономические методы, связанные с организацией условий труда, быта, медицинского обеспечения, досуга подчинённых и т.д.;

- экономические методы, связанные с ролью экономических интересов, в деятельности подчиненных и в управленческой деятельности. Глубокой ошибкой любого руководителя будет являться постановка задач подчиненным и нежелание порой обеспечить всем необходимым, материальной базой, возможностью выполнить поставленную задачу;

- административные методы, содержат приемы, способы, действия обязательного и прямого определения деятельности подчиненных со стороны старшего начальника. Учитывая, что в воинской деятельности присутствует постоянная эксплуатация техники и вооружения, административные методы управления необходимы при соблюдении мер и требований безопасности, четкого исполнения поставленных приказов, распоряжений и т.д.

В силу специфических особенностей управленческой деятельности в воинской среде не все инновационные методы возможны в использовании (работа в интернете, соцсетях и т.д.).

Таким образом, предлагается методы управленческой деятельности заместителя командира части Национальной гвардии по воспитательной и социально-правовой работе разделить на две группы:

- методы функционирования управленческой деятельности в воинском коллективе;

- методы обеспечения реализации управленческой деятельности.

При этом, методы управления необходимо применять в комплексе, с учетом обстановки, поставленной служебно-боевой задачи, подготовки подчиненных, имеющихся возможностей и т.д. Нужно учитывать, что наиболее действенный и активный метод управления может при поспешном, непродуманном использовании привести к порой непредсказуемым результатам. Именно, через методы управленческой деятельности заместителя командира части по воспитательной и социально-правовой работе реализуется содержание управленческой деятельности.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Макипов А.С., Кашкарбаев Б.А., Шарипов Р.С. Морально-психологическое обеспечение войск в войнах будущего // Бағдар-Ориентир. – 2019. - № 4. - С. 28-32.

2 Рипенко Ю.Б. Управление войсками. – М.: АСТ; Мн.: Харвест, 2006. – 512 с.

3 Игнатов В.Г., Албастова Л.Н. Теория управления: Курс лекций. - М.: ИКЦ «МарТ», 2006. - 463 с.

4 Муниципальное управление: Учеб. пособие для вузов / Гладышев А.Г. , Иванов В.Н., Савченко Е.С. и др.; под общ. ред. Иванова В.Н., Патрушева В.И.; Академия наук социальных технологий и местного самоуправления. - М.: Муниципальный мир, 2002. - 560 с.

5 Бурганова Л.А. Теория управления: Учеб. пособие – 3-е изд., перераб. и доп. - М.: Инфра-М. 2013. - 160 с.

6 Теория управления и методы обоснования и принятия решений. Учебник. – М.: Михайловский военный артиллерийский университет, 2004.

7 Атаманчук Г.В. Теория государственного управления: Курс лекций / Атаманчук Г.В. – 3 изд. доп. – М.: Изд-во ОМЕГА-Л, 2005. - 579 с.

Калыбек Б.К., *магистр, подполковник*

УДК 355::159.9
МРНТИ 78.21.15

А.Е. ИСИМОВА [1]
[1] *Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы*

ТЕХНОГЕНДІ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЖОЮҒА ҚАТЫСҚАН ТҰЛҒАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Түйіндеме. Бұл мақалада техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға қатысқан тұлғаларға апаттың психологиялық әсері мен олармен жүргізілетін психологиялық жұмыстың маңыздылығы қарастырылған. Алыс және жақын шет елдерде болған техногенді сипаттағы жарылыстардың қоршаған ортаға әсері мен оларға көрсетілетін психологиялық көмектің тәжірибелері сарапталады. Әлеуметтік психология тұрғысынан отандық зерттеулерде бұл мәселе жеткілікті дәрежеде терең зерттелмеген, сондықтан шетелдік ғылыми және практикалық тәжірибе негізінде осы мақалада жан-жақты зерделенеді. Зерттеу көрсеткендей, техногендік жарылыстардың қоршаған ортаға теріс әсері адамның күйзелісін тудыратын ақпаратты қабылдау деңгейіне байланысты және апаттың кері әсерінің алдын-алуға байланысты психологиялық шаралар мен қоршаған ортадағы апаттан кейінгі жүргізілетін психологиялық оңалту шаралары тұлғаның осындай апаттармен байланысты күйзелісті қабылдауының деңгейін төмендетеді.

Түйінді сөздер: техногендік оқиға, күйзеліс, психологиялық көмек.

А.Е. ИСИМОВА [1]
[1] *Национальный университет обороны имени Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы, г. Нур-Султан, Республика Казахстан*

ЗНАЧЕНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ РАБОТЫ С ЛИЦАМИ, УЧАСТВОВАВШИМИ В УСТРАНЕНИИ АВАРИЙ ТЕХНОГЕННОГО ХАРАКТЕРА

Аннотация. В данной статье рассматривается психологическое воздействие на лиц, принимавших участие в ликвидации чрезвычайных ситуаций техногенного характера и важность проводимой с ними психологической работы. Анализируется влияние на окружающую среду взрывов техногенного характера, происшедших в странах ближнего и дальнего зарубежья, и опыт оказания им психологической помощи. В отечественных исследованиях с точки зрения социальной психологии этот вопрос недостаточно глубоко изучен, поэтому всесторонне изучается в данной статье на основе зарубежного научного и практического опыта. Исследование показывает, что негативное воздействие техногенного характера на окружающую среду зависит от уровня восприятия стресса человеком и проведение профилактических психологических мер и психологической реабилитации после аварии с окружающей средой, находящейся в аварийном состоянии, снижает реакцию лиц на восприятие стрессов, связанных с катастрофами техногенного характера.

Ключевые слова: происшествие техногенного характера, стресс, психологическая помощь.

A.E. ISSIMOVA [1]
[1] *The National Defence University named after the First President of the Republic of Kazakhstan – Elbasy, Nur-Sultan city, Republic of Kazakhstan*

THE IMPORTANCE OF PSYCHOLOGICAL WORK WITH PERSONS, PARTICIPATING IN THE ELIMINATION OF TECHNOGENIC DISASTERS

Abstract. This article considers the psychological impact on persons, participating in the elimination of technogenic disasters and the importance of psychological work with them. The impact of technogenic disasters on the environment and the experience of psychological assistance in other countries are analyzed. From the point of view of social psychology, this issue has not been studied in depth in domestic research, so this article will be studied in detail on the basis of foreign scientific and practical experience. The study shows that the negative impact of technogenic disasters on the environment depends on the level of individual's perception of stress, and the implementation of preventive psychological measures and psychological rehabilitation after the disaster with the environment in an emergency state reduces the reaction of their perception of stress which are associated with technogenic disasters.

Keywords: technogenic disaster, stress, psychological assistance.

Техногендік сипаттағы апаттарды жоюға қатысқан тұлғаларда физикалық денсаулығымен қоса, психикалық денсаулығының бұзылысының туындайтындығы анықталған [1, 2]. Зерттеулер апаттың қоршаған ортадағы адамдардың психикалық денсаулығына әсерін анықтай отырып, оған қарсы иммунитетті арттыруға бағытталған шараларды қарастырудың маңыздылығын алға тартады. Техногенді сипаттағы апаттарға өрт, жарылыс, химиялық, радиоактивті және биологиялық заттардың әсерінен пайда болатын оқиғаларды жатқызуға болады, мысалы: Чернобыль атом электр станциясындағы жарылыс, Жапониядағы «Фукусима-1» апаты, Ресей Федерациясының Саяно-Шушенск газ электр станциясындағы жарылыс, Ульяновская шахтасындағы оқиға, Италиядағы Севезо апаты, Үндістандағы Бхопале және т.б. Аталмыш оқиғалар өзінің ерекше жағдайымен сипатталады, яғни, оны жоюға бағытталға шараларда улы заттардың күшті әсерімен газдалған, түтінді аймақта және радиоактивті әсерге ұшыраған зонада жеке қорғану құралдарымен жұмыстар жүргізіледі. Осындай техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардағы экстремальды факторларға жауапкершіліктің жоғарылауы, уақыттың тапшылығы, қауіптің аяқасты туындауы, қайта жарылыс, ғимараттардың қирауы, ақпараттың жеткіліксіздігі, іс-әрекет қарқынының жоғарылауы, нормадан тыс жұмыс уақыты, әсіресе, температураның жоғарғы көрсеткішінің әсері, қысым, тамақтану режімі мен сапасының бұзылуы, шаршау мен ұйқының жеткіліксіздігінің адам ағзасына жоғары деңгейде теріс ықпал ететіні белгілі. Сондықтан, төтенше жағдайдағы оқиғаларға тұлғаның ішкі психологиялық даярлығын арттыру мен тұрақтылығын сақтауға бағытталған психологиялық шаралардың жүргізілуі маңызды болып табылады.

Төтенше жағдайларға қатысқан әскери қызметшінің психикасына әсер ететін факторлардың кері ықпалының алдын алу мен оны оңалтуға бағытталған А.Тюлеутаеваның зерттеу жұмысына қатысқан респонденттердің 55 %-ы қорқыныш сезімдерінен арылуда алдын ала жүргізілетін психологиялық даярлықтың маңызды орын иелейтінін көрсетсе, 73 % респондент экстремалды жағдайға даярлауға бағытталған бағдарламаға өзін-өзі реттеу, аутогендік жаттығу дағдыларын меңгеруге арналған бөлімдердің енгізілуін қолдайды [3]. Сондай-ақ, өндірістен туындайтын жарылыстың алдын алу мен одан туындайтын залалды азайту үшін ішкі сақтандыру үрдісін пайдалану, техногенді бағыттағы өндірістер туралы білімдер беру және жүйелі түрде оқыту мен жаттықтыру шараларына екпін беру қажеттілігіне басымдық беретін ғылыми тұжырымдар да бар [4].

